

Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 тамыздағы № 270 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 140 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2235 болып тіркелген, 2014 жылдың 14 маусымында "Ақ жол" газетінде жарияланған, 2014 жылдың 26 маусымында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 140 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 92 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2667 болып тіркелген, 2015 жылдың 20 маусымында "Ақ жол" газетінде жарияланған, 2015 жылдың 17 қыркүйегінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. Орынбековке жүктелсін.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев